

"ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК" АҚ КЕШЕНДІ БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ БАС КЕЛІСІМ

Осы «Еуразиялық банк» АҚ кешенді банктік қызмет көрсету туралы бас келісім (бұдан әрі - Келісім), «Еуразиялық банк» АҚ (бұдан әрі - Банк) және Приват-банкінг санатындағы клиенттің арасында, оның ішінде оның отбасы мүшелерімен жасалатын шарт болып табылады, оның талаптары қызмет көрсетуге жеке көзқарасты, банктік, кеңес беру және инвестициялық қызметтерді, барынша тиімді шарттардағы банк өнімдерін, жеке менеджердің қызметтерін анықтайды.

Келісім Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - ҚР) Азаматтық Кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады, оның талаптарын Приват-банкінг санатындағы Клиент, Приват-банкінгте кешенді қызмет көрсету талаптарына қосылу туралы Приват-банкінг санатындағы Клиенттің өзі (Клиенттің уәкілетті өкілі) қол қойған өтініш (бұдан әрі - Өтініш) негізінде тұтастай осы Келісімге қосылу арқылы ғана қабылдауы мүмкін. Банк Өтінішке тиісті белгілерді қойғаннан кейін Өтініш қабылданды деп, ал Келісім - Приват-банкінг санатындағы Клиентпен жасалды деп есептелінеді. Бұл ретте, Өтініш пен Келісім тек қана бірыңғай құжат ретінде қарастырылады.

Приват-банкінг санатындағы Клиент (бұдан әрі - Клиент) - бұл сегменттеу параметрлеріне сәйкес Приват- банкінг санатына жатқызылған немесе Приват-банкінгте кешенді қызмет көрсету үшін комиссия төлеген жеке тұлға.

Кешенді банктік қызмет көрсетудің нақты талаптарын Тараптар Өтініште белгілейді.

Келісім Банкпен белгіленді және [Интернет желісінде www.diamondclub.eubank.kz](http://www.diamondclub.eubank.kz) мекенжайы бойынша Банктің WEB-сайтында жарияланды.

1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Кешенді банктік қызмет көрсетуді ұсыну шеңберінде Клиент банк өнімдерін пайдалануға және Банк тарифтеріне сәйкес осы Келісімнің 4-тармағында көрсетілген қызметтерді алуға құқылы. Кешенді банктік қызмет көрсетуге кірмейтін басқа қызметтердің құны Банк тарифтеріне сәйкес белгіленеді.

2. Кешенді банктік қызмет көрсетуді тоқтату тәртібі осы Келісімнің I-бөлімінің 3-тарауында анықталған.

3. Осы Келісім, Клиентке банктік қызмет көрсету шеңберінде, оның ішінде электронды түрде кешенді банктік қызмет көрсетудің жалпы талаптарын қамтиды.

4. Осы Келісімнің шеңберінде кешенді банктік қызмет көрсетуге төмендегілер кіреді:

- ағымдағы және жинақ шоттарын (бұдан әрі – банктік шоттар) ашу және жүргізу;
- халықаралық төлем карталарын шығару және қызмет көрсету;
- төлем картасын пайдаланумен банктік шот бойынша кредит лимитін беру;
- төлемдер, аударымдар;
- сейфтік қызметтерді көрсету;
- сақтандыру ұйымдарының атынан сақтандыру полистерін сату;
- банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау;
- қаржылық қызмет мәселелері бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету және оқытуды ұйымдастыру;
- Приват-банкінг Клиенттеріне арналған пакеттік ұсыныстар (бар болса);
- Банк лицензиясына және ҚР заңнамасына қайшы келмейтін басқа операциялар/қызметтер.

5. Клиенттің осы Келісімнің 4-тармағында көрсетілген қызметтерді алу қажеттілігін барынша толық қанағаттандыру мақсатында Клиент үшін Дербес менеджер белгіленеді.

6. Дербес менеджер Клиентке банктік қызмет көрсету және Банктің лицензиясына сәйкес Банк көрсететін банктік операцияларды жүргізу тәртібі туралы консультация береді, оның нұсқауларын қабылдайды және уақтылы орындалуын бақылауды жүзеге асырады, Клиенттің сұрауы бойынша Банктегі оның банктік шоттарының жай-күйі туралы ақпарат береді.

7. Операцияларды жүргізу тәртібі Банктік операцияларды жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелермен реттеледі.

8. Осы Келісімнің талаптарын орындамағаны/тиісті түрде орындамағаны үшін Банк ҚР заңнамасында белгіленген шектерде жауапкершілік көтереді.

9. "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 21.05.2013ж. № 94-V заңына сәйкес, Банк банктік және басқа қызметті жүзеге асыру кезінде алатын өз Клиенттерінің электрондық, қағаз және кез келген басқа тасымалдағышта белгіленген дербес деректерін, оның ішінде биометриялық дербес деректерді (бар болса) (бұдан әрі - дербес деректер) жинауды және өңдеуді жүзеге асырады.

Банк Банктің www.eubank.kz сайтында немесе келесі [сілтеме](#) бойынша орналастырылған мақсаттарда, Банк пен Клиенттің арасында тиісті қарым-қатынастардың пайда болуына қарай, Клиент туралы кез келген ақпаратты, оның ішінде дербес деректерді, биометриялық дербес деректерді (бар болса) барлық көздерден жинайды және өңдейді

I БӨЛІМ. ҚОСЫЛУ ЖӘНЕ КЕЛІСІМДІ БҰЗУ ТӘРТІБІ

2-тарау. Кешенді банктік қызмет көрсетуге қосылу тәртібі

10. Келісім Клиентпен Банк белгілеген нысан бойынша қағаз тасымалдауышта толтырылған және қол қойылған өтінішті Банкке беру арқылы жасалады.

11. Кешенді банктік қызмет көрсету үшін комиссия бір жылға, БК-ға қосылған күні, бірақ күнтізбелік 30 (отыз) күннен асырмай, тиісті төлем жасау күніне қолданыстағы Банк тарифтеріне сәйкес төленеді.

12. Тарифтер келесі мекенжайы бойынша Банктің сайтында орналастырылған: www.diamondclub.eubank.kz.

13. Отбасы мүшелерінің кешенді банктік қызмет көрсетуге қосылуын Банк отбасы мүшелерінің Приват-банкингтегі кешенді қызмет көрсету талаптарына қосылу туралы өтініш-келісімі негізінде белгілейді, Банктің уәкілетті органы бекіткен талаптарға сәйкес тегін жүзеге асырылады.

14. Клиент төлеген комиссиялар нұсқаудың күші жойылған немесе осы Келісімді бұзған жағдайда - қайтарылмайды.

3-тарау. Кешенді банктік қызмет көрсетуді тоқтату

15. Кешенді банктік қызмет көрсетуді тоқтату келесі жағдайларда жүзеге асырылады:
– Клиенттен Банк белгілеген нысан бойынша кешенді банктік қызмет көрсетуді тоқтату туралы өтінішті алған кезде;

– Банкпен белгіленген тарифтерге сәйкес кешенді банктік қызмет көрсету үшін комиссияны күнтізбелік 30 (отыз) күннен аса төлемеген кезде;

– Банк тарифтеріне сәйкес Приват-банкинг санаты бойынша өлшемшарттарға сәйкес келмеген кезде;

– осы Келісімнің II бөлімінің 4-тарауында сипатталған негіздемелер бойынша.

II БӨЛІМ. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

16. Банк келесі жағдайда осы Келісімді орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

– Банктің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасының талаптарын орындауы мақсатында Клиент және/немесе оның отбасы мүшелерінің қажетті ақпаратты немесе құжаттарды ұсынбауы, және/немесе егер Банкте Клиенттің және / немесе оның отбасы мүшесінің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және (немесе) ҚР Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес танылатын терроризмді қаржыландыруға қатысуы туралы негіздер болса, Клиентке және / немесе оның отбасы мүшелеріне Келісім бұзылғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша нысанда алдын ала хабарлай отырып;

– ҚР «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңнамасына сәйкес, егер Клиенттің және/немесе оның отбасы мүшесінің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және (немесе) терроризмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде болу фактісі анықталса. Бұл ретте, Банк Клиенттің нұсқауын орындау мерзімін кешіктірумен немесе орындауды тоқтата тұрумен келтірілген Клиенттің шығындары үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді;

– егер Банкке Клиент және/немесе оның отбасы мүшелері туралы, Банктің беделіне нұқсан келтіретін немесе өзге де тәуекелдер туғызатын жағымсыз ақпарат мәлім болса;

– Клиент/Клиент контрагенті/Контрагент Банкі, сондай-ақ олармен байланысты тұлғалар Америка Құрама Штаттарының, Еуропалық Одақтың, Швейцарияның, Ұлыбританияның, Канаданың және басқа мемлекеттердің санкциялық тізімдерінде/тізбелерінде болған жағдайда;

16-1. Приват-банкінгте қызмет көрсету талаптары сақталмаған кезде Банк Клиентті жазбаша хабарламаны немесе соңғы рет Банкке Клиентпен айтылған ұялы телефон нөміріне СМС-хабарламаны жіберу арқылы хабардар етеді.

17. Банк Клиенттің алдын ала келісімін алмастан, біржақты тәртіпте Келісімге өзгертулерді және/толықтыруларды енгізуге құқылы. Банк Клиентті Келісімге енгізілген өзгертулер және/толықтырулар туралы осындай өзгертулер және/немесе толықтырулар күшіне енгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын Банктің diamondclub.eubank.kz мекенжайы бойынша Интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру арқылы, сондай-ақ Банктің Кеңселерінде көзбен шолуға қолжетімді орында ақпаратты орналастыру арқылы хабардар етеді.

17-1. Егер Клиент осы Келісімнің 22-тармағының 3-1) тармақшасында сипатталған талаптарды орындамаған жағдайда, Банк осы Келісім аясында қызмет көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.

17-2. Банк-корреспонденттің сұрау салуын алған кезде Банктің сұрау салынатын материалдары болмаған жағдайда, Банк клиенттің операциясына қатысты қажетті материалдарды (оның ішінде банктік құпияны қамтитын) беруге құқылы. Клиент 3 (үш) жұмыс күні ішінде сұратылған ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды беруге міндетті.

17-3. Банк пакеттік ұсыныс бойынша жылдық қызмет көрсету үшін тарифті (құнды) алуды акцептісіз (клиенттің қосымша келісімісіз) есептен шығару арқылы және/немесе Банкте ашылған Клиент шоттарынан тікелей дебеттеу арқылы жүзеге асыруға немесе шотты Банктің бөлшек қызмет көрсетуге көшіруге құқылы.

Осы арқылы Клиент Банкпен пакеттік ұсыныс бойынша жылдық қызмет көрсету үшін тарифтің (құнның) сомасын Клиентке тиесілі кез келген банктік шоттардан акцептісіз (даусыз) есептен шығаруға өз келісімін береді. Бұл ретте Банктің кез келген төлем талабы немесе басқа

акцептсіз алып қою туралы нұсқауы көрсетілген шотта нақты бар сомаға орындалуы және ақша жеткіліксіз болған жағдайда Қарыз алушының банктік шотына ақша сомасы түскенге дейін картотекада сақталуы тиіс.

18. Клиенттің Банкке Келісімге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы Клиентті хабардар еткен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды ескере отырып, Келісімнің талаптарын қабылдамайтыны туралы өтініш бермеуі, Клиенттің Келісімнің жаңа (өзгертілген/толықтырылған) редакциясымен келісуін және енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды ескере отырып, оған тұтастай қосылуын білдіреді.

19. Келісімге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілгеннен кейін, ол өзгертілген/толықтырылған түрде қолдануын жалғастырады.

20. Клиенттің құқықтары:

– осы Келісімде сипатталған Банктің барлық қызметтерімен қатар, қызметтердің кез келгенін жеке пайдалану. Бұл ретте, осы Келісімде қарастырылған қызметтер Банк Клиенттен Өтінішті орындауға қабылдаған сәттен бастап көрсетіледі;

– Банк белгілеген нысан бойынша оның отбасы мүшелерін қоса отырып немесе алып тастай отырып, Банкке жазбаша өтініш беру арқылы оның отбасы мүшесін (-лерін) кешенді банктік қызмет көрсетуден өзгерту немесе алып тастау.

21. Банктің міндеттері:

1) Банк осы Келісімнің 17-тармағына сәйкес кешенді банктік қызмет көрсету талаптарында болған өзгерістер туралы хабарлауға міндеттенеді;

2) ақпарат беру ҚР нормативтік құқықтық актілерінде тікелей қарастырылған не ҚР уәкілетті органдарының ресми сұрау салулары негізінде жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, Банк операцияларды жүргізу кезінде банктік құпияны сақтауға және Клиенттің және/немесе оның отбасы мүшелерінің жазбаша рұқсатынсыз үшінші тұлғаларға банктік құпияға қатысты ақпаратты бермеуге (жария етпеуге) міндеттенеді;

3) Клиенттің жазбаша өтінішін ҚР заңнамасында белгіленген мерзімде қарау және жазбаша жауап дайындау;

4) Келісімге және басқа құжаттарға, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес, өзіне қабылдаған басқа да міндеттемелерді орындау.

22. Клиенттің міндеттері:

1) Өтініште, шарттарда және басқа құжаттарда шынайы ақпарат көрсету;

2) Өтініште және басқа құжаттарда көрсетілген өзгерістер туралы Банкке уақытында - осы өзгерістер қолданысқа енген күннен бастап 5 (бес) банктік күннен кешіктірмей хабарлау;

3) кешенді банктік қызмет көрсеткені үшін комиссияны Банк белгілеген тарифтерге сәйкес уақытында төлеу;

3-1) Клиент 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Банк сұратқан құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндеттенеді;

4) Клиент ҚР заңнамасына сәйкес өзі жасайтын операциялардың заңдылығы үшін, сондай-ақ Банкке ұсынылатын құжаттардың дұрыстығы үшін жауапты болады;

5) Клиенттің Банктегі шоттарына иелік етуге немесе Клиенттің атынан операция жүргізуге уәкілетті тұлғаларды ауыстырған кезде, не осындай тұлғалардың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, санкцияланбаған операцияларды жүргізуді болдырмау үшін, сондай-ақ қажет болған жағдайда Банк хабарлама жібере алатын мекенжайы, телефон нөмірі өзгерген жағдайда, Клиент бұл туралы Дербес менеджерді жазбаша хабардар етеді;

6) Банкке дербес деректердің, байланыс деректерінің және банктік қызмет көрсету үшін пайдаланылатын деректемелердің өзгергені туралы, осы өзгерістер болған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күн ішінде құжаттарды қоса тіркей отырып, жазбаша түрде хабарлау;

7) Клиент жауапкер ретінде қатысатын барлық сот талқылаулары туралы, сондай-ақ Клиентке үшінші тұлғалар тарапынан қойылатын барлық наразылықтар (талаптар) туралы Банкті жазбаша түрде дереу хабардар ету;

8) Клиент осы Келісімді бұзған немесе кешенді банктік қызмет алудан бас тартқан кезде қолда бар берешекті толық көлемде өтеуге міндеттеме алады;

9) Банктің сұрау салуы бойынша осы Келісімнің 17-2-тармағына сәйкес Клиент 3 (үш) жұмыс күні ішінде сұратылған ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды беруге міндетті.

5-тарау. Нұсқауларды қабылдау туралы ереже

23. Клиент Банкте ашылған өзінің шоттары бойынша Банкке осы Келісімнің талаптарына қайшы келмейтін операцияларды жүзеге асыруды тапсырады. Клиент Банкте ашылған өзінің шоттары бойынша жүйелі негізде, сондай-ақ тұрақты өкім негізінде қызмет жеткізушілермен мерзімді есеп айырысу үшін ішкі операцияларды орындауға нұсқау бере алады.

24. Клиенттің бір реттік нұсқауларын орындауға қабылдау мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- Банкке тікелей хабарласқанда;
- нұсқауларды сенім жүктелген (сенім білдірілген тұлға) тұлға арқылы бергенде;
- нұсқауларды «Smartbank» қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесінде бергенде;
- нұсқауларды Өтініште көрсетілген электронды мекенжай бойынша бергенде;
- нұсқауларды қашықтан телефон арқылы кенесті беру үшін және қажет болған жағдайда операцияларды жүргізу үшін (шығыс операциялары үшін сомаға тапсырыс беру, ақпараттық анықтама, шот/тар бойынша үзінді көшірме, шетел валюталарын сатып алу/сату бағамына сұрау салу) құжаттарды алдын ала дайындау үшін беру. Ерекше жағдайларда Клиент тарапынан Банк бөлімшесіне келуге физикалық мүмкіндік болмаған кезде, Дербес менеджер кеңес беруді жүзеге асыру үшін, ақпараттық анықтама, шот/тар бойынша үзінді көшірме беру үшін және/немесе нөлдік қалдықпен банктік шоттар ашуға құжаттарға қол қою және іске қосылмаған төлем карталарын беру үшін Клиенттің мекенжайына келеді. Дербес менеджердің қолма-қол ақшамен кез келген операцияларды жүргізу мақсатында Клиентке келуіне тиым салынады.

25. Клиент Банкке тікелей хабарласқан жағдайда, Дербес менеджер жеке басын куәландырушы құжат негізінде нұсқауды қабылдайды және Банк белгілеген нысан бойынша оның қолымен расталған Өтініш негізінде операцияларды жүзеге асырады.

26. Банкке сенім жүктелген тұлға хабарласқан жағдайда, Банк нұсқауды қабылдайды және сенімхат пен сенім жүктелген тұлғаның жеке басын куәландырушы құжат негізінде операцияларды жүзеге асырады. Сенім жүктелген тұлға операцияны жүзеге асыру үшін Клиенттің атынан қажетті өтінішті (төлем құжаттарын) толтырады және оны өз қолымен куәландырады.

27. Нұсқау осы Келісімге қоса тіркелген телефон арқылы берілген жағдайда, Банктің Клиенттің карточкасында көрсетілген телефон нөмірі бойынша Клиентке телефонмен қоңырау шалу арқылы Клиенттің жеке басын қосымша сәйкестендіруге құқығы бар екендігіне Клиент өзінің келісімін білдіреді.

Операциялар жүргізу туралы нұсқауларды Клиент тікелей Дербес менеджерге беруі тиіс.

Сәйкестендіру нәтижелері қанағаттандырарлықсыз болған жағдайда, Банк нұсқауларды орындаудан бас тартуға құқылы.

Осы арқылы Клиент Банктің барлық телефон сөйлесулерін жазуды жүзеге асыратындығы туралы хабардар етілді және онымен келіседі. Деректер қатаң құпия болып табылады және тек қана Банктің иелігінде қалады.

28. Клиенттің тапсырмаларын Банк жұмыс күні ішінде орындауға қабылдайды, Клиент нұсқауларды операциялық күн өткеннен кейін берген жағдайда, келесі жұмыс күні орындауға қабылданады.

28-1. Банк келесі жағдайларда төлемдерді/аударымдарды жүргізуден, Клиенттің келісімшарттарын қабылдаудан/қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы:

– Клиент/Клиент контрагенті/Контрагент Банкі, сондай-ақ олармен байланысты тұлғалар Америка Құрама Штаттарының, Еуропалық Одақтың, Швейцарияның, Ұлыбританияның, Канаданың және басқа мемлекеттердің санкциялық тізімдерінде/тізбелерінде болуы;

– тиісті белгілерге ие/халықаралық санкцияларға жататын Клиенттің/Клиенттің Контрагентінің операциялары;

– тиісті белгілерге ие/халықаралық санкцияларды айналып өтуге бағытталған Клиенттің операциялары.

28-2. Банк үшінші тұлғалардың, оның ішінде санкциялар енгізген елдердің уәкілетті органдарының әрекеттері үшін, санкциялық шектеулерді сақтамағаны үшін аударымдар немесе төлемдер бойынша ақшаны оқшаулағаны үшін жауапкершілікте болмайды.

Банк келесі жағдайларда банк-корреспонденттің әрекеттері үшін жауап бермейді:

– Клиенттің дұрыс емес деректемелер бойынша жіберген төлемін/аударымын қайтару;

– төлемді/аударымды қайтарғаны үшін комиссияларды ұстап қалу;

– Клиенттің төлемін/аударымын тоқтатып қою, оқшаулау;

– Клиенттің Контрагентіне төлемді/аударымды есептеуден бас тарту.

III БӨЛІМ. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

29. Осы Келісімде реттелмеген барлық мәселелер ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

30. Тараптар арасында туындаған барлық даулы мәселелер, өзара мүдделерін ескере отырып, келіссөздер арқылы шешіледі. Даулы мәселелер бойынша келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, материалдар заңнамамен белгіленген тәртіппен соттың шешуіне беріледі.

31. Банк осы Келісімді орындау барысында Клиент пен үшінші тұлғалар, оның ішінде сауда және/немесе сервис кәсіпорындары, қосымша карточкаларды ұстаушылар арасында туындайтын барлық дауларға қатысы жоқ болып есептеледі.

IV БӨЛІМ. ЕҢСЕРІЛМЕС КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

32. Тараптар Келісім бойынша міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, егер орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының, атап айтқанда: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, дауыл, эпидемия, Келісім бойынша міндеттемелердің орындалуына тікелей әсер еткен әскери іс-қимылдардың салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Тараптың Келісімнен туындайтын міндеттемелерін орындау мерзімі еңсерілмес күш жағдайлары созылған уақытпен шамалас уақытқа жылжытылады.

33. Тараптар, бір немесе қос Тарап үшін Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмайтын ҚР-дың заң шығарушы және атқарушы билік органдарының шешімдерінің салдарлары үшін жауапты болмайды.

34. Келісім бойынша міндеттемелерін орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап, форс-мажор жағдайлары орын алған күннен бастап 3 (үш) күннен кешіктірмей, екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

35. Осы Келісімде реттелмеген барлық мәселелер ҚР заңнамасының нормаларымен, Банктің ішкі құжаттарымен реттеледі.

36. Тараптар арасында туындаған барлық даулы мәселелер, өзара мүдделерін ескере отырып, келіссөздер арқылы шешіледі.

37. Осы Келісімнің қолданылуы Клиент пен Банк арасында толық өзара есеп айырысулар жүзеге асырылғаннан кейін, Келісімді бұзу туралы жазбаша өтініш Банкке міндетті түрде берілген кезде ғана Клиенттің бастамасы бойынша тоқтатылуы мүмкін (егер Банкке берген, қызметті ұсынуға арналған өтініште және/немесе қосымша келісім шеңберінде жасалған өтініште қызмет көрсетуді тоқтатудың өзге тәртібі қарастырылмаса).

38. Келісімге өзгерістерді Банк сайтта немесе басқа бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ операциялық залдардың, бөлімшелердің, офистердің стенділерінде орналастыру арқылы енгізеді. Келісім мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жасалған. Алшақтықтар туындаған жағдайда, егер Тараптармен басқа шешім қабылданбаған болса, орыс тіліндегі нұсқа басымдылыққа ие.

39. Клиент осы арқылы берешек сомасын: Қарыз сомасын, есептелген Сыйақыны, Клиенттің Банк алдындағы міндеттемелерін орындамау және/немесе тиісті орындамау нәтижесінде пайда болған Берешек сомасын, шығыстар мен залалдарды, сондай -ақ есептелген тұрақсыздық айыбының сомасын, Клиенттің Банкте, басқа банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған кез келген банктік шоттарын акцептсіз (даусыз) тікелей дебеттеу арқылы, оның ішінде ҚР аумағында, сонымен қатар оның аумағынан тыс төлем талаптарын қою арқылы өндіріп алуға келісімін береді, төмендегілерді қоспағанда: Клиенттің мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер түрінде алатын ақшаны (электрондық ақшаны), алименттерді (кәмелетке толмағандарды және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны), «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңында қарастырылған тұрғын үй төлемдерін, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылған тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банктеріндегі банк шоттарындағы ақшаны, кондоминиум объектісіндегі ортақ мүлікті күрделі жөндеуге арналған жинақ түріндегі екінші деңгейдегі банктердің банктік шоттарындағы ақшаны қоспағанда, кондоминиум объектісіндегі ортақ мүлікті күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелерді орындамау туралы істер бойынша сот шешімдері негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке алуға арналған банк шоттарындағы ақшаны, нотариус депозиті талаптарында енгізілген ақшаны, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақшаны, өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған жеке сот орындаушыларының ағымдағы шоттарындағы ақшаны қоспағанда.